

## Елтай ауылының шекарасын белгілеу туралы

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 наурыздағы № 60 қаулысы және Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 наурыздағы № 281-VI бірлескен шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 наурызда № 4360 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, Индер ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Индер аудандық мәслихатында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Жалпы аумағы 383,136 гектар және ұзындығы 8214,3 метр болатын Индер ауданы, Елтай ауылдық округі, Елтай ауылының шекарасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешімнің орындалуын қадағалау Индер ауданы әкімінің орынбасарына (Қ.Нұрлыбаев) және "Индер аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысына (Г.Қабиева) жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*  
*Аудандық мәслихаттың кезекті*  
*XXXV сессиясының төрағасы*  
*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*М. Қалауи*  
*С. Байбосынов*  
*Б. Сапаров*

Аудан әкімдігінің 2019 жылғы "27" наурыздағы №  
60 бірлескен қаулысына және аудандық  
мәслихаттың 2019 жылғы "27" наурыздағы № 281  
-VI шешіміне қосымша

**Атырау облысы Индер ауданы Елтай ауылының әкімшілік шекарасының  
ЖОСПАРЫ**

